

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 2034 тіркелген "Банкроттық рәсімдердегі кредиторлардың талаптары тізімін бекіту және қалыптастыру Нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі Комитеті Төрағасының 2002 жылғы 1 қазандағы N 4 бұйырығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 23 қаңтардағы N 7 бұйырығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 9 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2699. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс Комитеті төрағасының 2006 жылғы 20 наурыздағы N 12 бұйырығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс Комитеті төрағасының 2006 жылғы 20 наурыздағы N 12 бұйырығымен (2006 жылғы 8 желтоқсанда N 213-ші "Заң газеті" газетінде жарияланды).

-----Бұйрықтан

үзінді-----

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс Комитеті Төрағасының кейбір бұйрықтарының күші ж о й ы л ғ а н д е п т а н ы л с ы н .

2. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған кейінгі он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Төраға

*Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Дәрменсіз
борышкерлермен жұмыс Комитеті
төрағасының 2006 жылғы
20 наурыздағы N 12 бұйрығына
қосымша*

*Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс
Комитеті Төрағасының күші жойылған кейбір
бұйрықтарының тізімі*

9. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі Комитеті Төрағасының 2002 жылғы 1 қазандағы N 4 "Банкроттық рәсімдердегі кредиторлардың талаптары тізімін бекіту және қалыптастыру Нұсқаулығын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 23 қаңтардағы N 7 бұйрығы, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2699 тіркелген, "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетені" 2005 ж. N 14, 81-құжат, "Заң газеті" 20 қыркүйек 2005 ж. 172 жарияланған.

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында, бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі Комитеті Төрағасының 2002 жылғы 1 қазандағы N 4 "Банкроттық рәсімдердегі кредиторлардың талаптары тізілімін бекіту және қалыптастыру Нұсқаулығын бекіту туралы" (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 2034 тіркеуге алынған), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі Комитеті Төрағасының 2003 жылғы 25 ақпандағы N 17 (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 2207 тіркеуге алынған), 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 37 (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 2289 тіркеуге алынған) бұйрықтармен сәйкес өзгерістер енгізілген, нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2002 жылы, N 48 жарияланған) бұйрығына (одан әрі - Бұйрық) мынадай өзгерістер енгізілсін:

банкроттық рәсімдердегі кредиторлардың талаптары тізілімін бекіту және қалыптастыру туралы Бұйрығымен бекітілген Нұсқаулығының 24, 25, 26, 27, 28 тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Қоса берілген оңалту рәсімдерін қолдану туралы қолдау хатқа борышкерді оңалту жоспарында Заңның 47-бабы 2-тармағында көрсетілген кредиторлардың алдындағы берешекті өтеу мерзімі туралы мәліметтер болуы тиіс.

25. Заңның 10-бабының 1-тармағына сәйкес оңалту басқарушы кредиторлар талаптарын өтеу және оңалту рәсімдеріне олардың мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында кредиторлар талаптарының тізілімін оңалту рәсімі кезінде қалыптастырады.

26. Кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру, оны бекіту, өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

27. Кредиторлар талаптары тізіліміне Заңның 47-бабы 2-тармағында көрсетілген, оңалту рәсімін қолдану сәтінде туындаған кредиторлар алдындағы берешектің сомасы енгізіледі.

28. Оңалту басқарушы кредиторлар талаптарының қалыптасқан тізілімін оңалту рәсімін қолдану туралы хабарлама шыққан күннен бастап үш айдан кешіктірмей уәкілетті органға бекіту үшін осы Нұсқаулыққа сәйкес ұсынады.";

29 тармақ алынып тасталсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі Комитеті Төрағасының орынбасары Н.Қ.Мақажановқа жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен бастап күшіне енеді.

Төраға